

ЕЛ ТАРИХЫ – ТҮНҒАН ТАҒЫЛЫМ

Қаратау – адамзаттың тас бесігі

Қазіргі Жаңақорған аумағы – ежелден тұрғындар мекендеп келген құтты қоныс. Неше ықылым заман өткенімен, бір тайпаны екіншісі, бір мемлекетті келесісі алмастырғанымен тұрғылықты халық автохтондылығын сақтап қалған. Жел айдаған қаңбақтай бір жақтан жер ауып келген тайпалар мен халықтар ұзақ мекендей алмай көшіп кетті немесе жергілікті тұрғындарға сіңісіп кетті. Сыр бойында туып, тұрақты өмір сүрген, өсіп-өнген қазіргі тұрғындар көне замандардағы сақтардан өрбіген ата-бабаларымыздың заңды да табиғи жалғасы, оның тарихы мен мәдениетінің мұрагері. Олай болса, бұл халықтың да адам баласының алғашқы қауымдық құрылысы – тас дәуірін (б.з.д. 1 млн 800 мың ж. – б.з.д. 4 мың ж.), одан кейінгі қола дәуірін (б.з.д. XVII-IX ғ.ғ.) және темір дәуірін де (б.з.д. VIII-IV ғ.ғ.) басынан өткізгендігінде дау жоқ.

Қилы-қилы заман болған. Бірақ халық жойылған жоқ. Өмір үшін ұйымдасып тіршілік жасаған, елі мен жерін қорғаған, ұрпақтар жалғастығын тапқан.

Жан-жақты зерттелген, бірыңғай ғылыми жүйеге түскен тарихи жазба деректерге сүйенсек, б.д.д. VII ғасырдан б.д. II ғасырларында Орта Азия мен Қазақстан жерін сақтар мекендеген. Бұл сақтарды грек тарихшылары «азиялық скифтер» деп атаған. Парсы жазбаларына қарағанда, сақтар үш тайпаға бөлінеді. Олар:

1. Тиграхауда сақтары немесе «шошақ бөрік киген» сақтар. Бұлар қазіргі Сыр бойы мен Қаратау, Талас пен Шу алқаптарын, Ыстықкөл мен Балқаш жағалауларын алып жатқан.
2. Хауомаварға сақтары немесе «хауома сусынын (хауом – жүзім) дайындаушы» сақтар. Бұлар Орта Азияда, оның ішінде Мурғаб аймағына орналасқан.
3. Масагеттер немесе парадарайя сақтары, яғни «теңіздің арғы жағындағы» сақтар деп аталған. Бұлар Оңтүстік Оралдан Жетісуға дейінгі аймақтарды мекендеген.

Жаңақорған өңірінде алғашқы мекен еткен халық сақ тайпалары деген қорытындыға келеміз. Бұдан шығатын түйін – қазіргі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының түп тарихы осы сақ тайпаларына барып тіреледі. Олардың тілі – көне түркі тілі, діні – тәңірлік дін, жазуы – ежелгі түркі сына жазуы болған.

Адамзат өркениетінде өзіндік үлесі бар, әрісі түркі, берісі исі қазақтың ұйытқысы болған киелі аймақ – Сыр бойындағы ежелгі қалалар, асарлар, камал-қорғандар астында тарихтың қаншама сыры құпия жатқаны белгілі.

Сыр бойындағы құм жұтқан қалалар мен қорғандардың, шөгіп жатқан түйедей-түйедей төбелер мен өркеш-өркеш қамалдардың, созаландап сұлбасы қалған арықтар мен каналдардың орындары өте көп. Өйткені, ел де сулы-нулы жерлерді көбірек мекендеп, халық та сол жерлерде тіршілік

жасайтыны белгілі. Сондықтан тұнып тұрған шежіре, қатпар-қатпар тарихы бар жердің бірі – тұтас Сыр бойы болса, соның ішінде сұлу Сыр мен қазыналы Қаратау қапталын алып жатқан Жаңақорған өңірі.

Қазақстан жеріндегі ежелгі адамның іздері ерте палеолит дәуіріне жататын болса, ежелгі адамдардың қоныстануына қолайлы жердің бірі Қаратау жотасы болғаны белгілі. Содан да «Қаратау – адамзаттың тас бесігі» деп айтуға дәлелдер жеткілікті. Тас дәуірінен бастап өлкені мекендеген тұрғындар әр кезеңдерде өздеріне ғана тән төлтума мәдениеттерді қалыптастырып, дамытып отырды. Бүгінгі Жаңақорған ауданы аумағындағы біздің жыл санауымызға дейінгі I мыңжылдықтан басталатын ерте темір дәуірінің жүзге жуық обалар қорымдарымен қатар жартас суреттерінің көп табылуы өңір тарихының тым көнеден бастау алатындығын дәлелдейді. Әсіресе, Талап ауылынан солтүстікке қарай 17,6 шақырым жерде, Бесарық өзенінің оң жағалауындағы Күйкентай шоқысының шығыс бетіндегі жартастарда адамдардың, таутекелердің, түйелердің бейнелері салынса, Қосүйеңкі ауылының солтүстік шығысындағы Құланшы өзенінің сол жағалауындағы жартас беттерінде бірнеше таутеке мен түсініксіз бейнелер қашалып салынған. Ал, Ботасоқты өзенінің оң жағалауындағы жартас беттеріндегі суреттердің негізгі сюжеттері де таутекелер мен жылқылар, салтаттылар мен жыртқыштар. Дәл осындай сюжеттегі жартастағы суреттер Қыраш ауылының солтүстік шығысындағы Жүсіпсаз жартас суреттерінде, Қосүйеңкі ауылының солтүстік шығысындағы Арқарбұлақ, Құттықожа ауылының солтүстік шығысындағы Табылдыбұлақ, Шыбынтай, Нұрмаханбұлақ, Қаратас, Шалқия ауылының солтүстік шығысындағы Қарасүйір, Қоспа, Қоспа-Бозбұтақ, Ақтасжартас, Сунақата ауылының солтүстік шығысындағы Кіші дарбаза жартас суреттерінде кездеседі. Жартастағы жазуларда не жазылғаны бүгінге күнге дейін жұмбақ болып келеді.

Сонда да болса жартастардағы бейнелердің әрқайсысын сол заманның жәдігері, сол дәуірдегі ата-бабаларымыздың тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпынан хабар беретін материалдық ескерткіштер деп қарастырамыз.

Бөтен елге құпиялау көрінер өмір салты мен келісті салтанаты кезінде Геродотты таң қалдырған Сыр өңірінің көшпелі және отырықшы мәдениеті осы жерде ежелден қалыптасқан. «Ерте заманда бұл өлкені баяғы парсы жаулаушылары Кир мен Дарийдың қайсар қарсыластары сақ-массагет тайпалары мекендеген, ал олар кейінірек, яғни, біздің жыл санағымызға дейін I-II ғасырларда грек-македон шапқыншыларының билігін жойып, құшандардың ұлы орта Азия-Үнді патшалығын құруда үлкен рөл атқарды» [13], – деп жазады С.П. Толстов. Геродот ол тайпалық одақтар туралы былай деп жазады: «...Массагеттер скифтерге тән киім киеді, олардың тыныс-тіршілігі де жақын. Өздері қаражаяу немесе ат үстінде қатар соғысады. Әдетте оларда садақ, найза, әскери айбалталар болады. Барлық заттарды алтын мен мыстан жасайды. Найза, садақ, әскери айбалталардың темір бөлігін олар мыстан жасаса, бас киім, белбеулерді алтынмен көркемдеген. Темір мен күміс олардың қолданысында жоқ, ондай металды бұл елден

кездестіре алмаймыз, оның есесіне алтын мен мыс оларда көп... Массagetтер егін екпейді, көбіне мал шаруашылығы, балық аулау кәсібімен тіршілік етеді, сонымен қатар сүт ішеді. Олардың құрмет тұтатын жалғыз құдайы – Күн. Соған бағыштап олар жылқыны құрбандыққа шалады. Олардың ұғымынша, ең жүйрік, әлемдегі ең жылдам, шапшаң жануарды құрбандыққа шалуы керек болған».

Сыр өлкесі тарихына қатысты деректер грек тарихшысы Страбонның «Географиясынан» да кездеседі. Ол Азияның екінші бөлігін баяндағанда Каспий теңізінің арғы жағын мекендеген тайпалардың бірде сақ, бірде массагет деп аталғанын, бұл тайпалардың тарихының жеткілікті дәрежеде зерттелмегенін көрсетеді. Ол Каспий (Гиркан) теңізінің арғы жағында скифтер (сарматтар), сол жағында көшпелі тайпа – дайлар тұрған дейді. Осы тайпалар туралы Страбон: «Сақтар киммерциялықтар секілді жорықтарға шығатын болған. Олардың бірі алыс, бірі жақын аралыққа жасалған. Олар Бактрияны жаулап алып, Әрмененің жақсы жерлеріне ие болды, оған өз атын беріп «Сакамена» атаған» [14, 35] деп жазды. Осы дәуірді суреттеген Диодор: «Бұл кезде сақтарды соғысқа мейлінше бейім Зарина атты әйел биледі. Жалпы бұл тайпаларда әйелдер ержүрек, олар соғыс тауқыметін ерлермен бірдей бөліседі» деп жазды.

Сақтардың тұрмыс-тіршілігі жайлы әңгіме қозғаған Клавдий Эллиан жас жігіттер үйлену үшін сол қызды жеңу керектігін, ал жеңілген жағдайда ол қыздың тұтқынына айналатынын көрсеткен. Страбон атасы мен хорасмиліктерді де сақ пен массагет тайпаларына жатқызады. Сақтарды соғдылықтардан бөліп тұрған Яксарт (Сырдария), ал соғдалықтар мен бактриялықтардың арасын кесіп жатқан Окс (Әмудария) өзені дейді. Бұл қос өзенді Соғда жерінен бастау алып, скиф даласына құяды деген пікірді Плиний де айтқан. I Дарийдің накширустемдік жазуында сақ тайпаларының: хаумаварга, «теңіздің арғы жағындағы сақтар» тиграхауда-«шошақ төбелі бас киім киюші» сақтар үш тобы көрсетіледі. Ертедегі грек тарихшысы Геродот массагеттер (сақтар) туралы былай деп жазған: «Батысында – Кавказға барып тірелетін Каспий теңізімен, шығысында – шексіз жазық даламен ұласып жатқан осы бір кең-байтақ өлкенің көп бөлігін массагеттер (сақтар) мекендейді екен. Сырт киімі мен тұрмыс-салтына қарағанда, олар скифтерге ұқсас, өздері ат үстінде де, жаяу да шайқаса біледі».

Жетітөбе – Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 16 км жердегі сақ дәуірі обаларының тізбегі. Жетітөбе – жеті (сан есім) + төбе (зат есім) сөздерінен жасалған атау, төбелердің санына қарай қойылған атау. Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізген. Обалардың ең көлемдісіне жасалған қазба жұмыстары оның тоналғандығын көрсетті.

Массагеттер егін егумен бірге ертеден қалыптасқан балықшылық кәсібін қалдырмай, мал да бағып, жартылай көшіп-қонып жүрді. Массагет дәуірінен бастап, біздің заманымызға дейін Сыр өңірі талай дүрбелең заманның куәсі болды. Орта Азияны мекендеген сақ тайпаларымен тізе қосып, массагеттер талай жауға қарсы тұрды. Өздерінің жері мен суын

қорғап, жасақты жауларға дес бермеді. Азияның ұлан-ғайыр даласында тынымсыз жортуылдап, керемет шындалған, соғыс тәжірибесі мен қару-жарағы мол Кир мен Дарий шапқыншылары ауыр соққыны осы сақ-массагет тайпаларынан алды. Грек-Македон шапқыншылары Сырдың жағалауына жеткенде, массагет жауынгерлерінің соққысына шыдай алмай жеңіліске ұшырады, ақыры келген жағына қашуға мәжбүр болды.

Массагеттер де, олардан кейін осы өңірді мекендеген тайпалар мен тайпалық одақтар жат жерліктермен шайқасып, туған жер, атамекенін қорғап, Сыр өңірін тұрақты мекеніне айналдырды.

Б.з.д III – б.з. I ғасырларда қаңлылар Қаратау мен Сырдарияның орта ағысында өз мемлекетін құрды. Ертедегі қытай деректеріне қарағанда, олардың тайпалық бірлестігі бес «кіші иеліктен» құрылған. Қоныстарда 120 мыңдай түтін немесе 600 мыңдай адам болған. Ежелгі саяхатшылар Қаңлы тайпалық бірлестігін көшпелі ел әрі қалалары бар үлкен мемлекет ретінде сипаттап жазады. Сыр өзенінің орта ағысы (Шаш, Отырар, Қаратау) аймағын мекендеген қаңлылардың мәдениеті тарихи әдебиеттерде Жетісай, Қауыншы, Отырар, ал кейін Қаратау мәдениеті деп аталады. Атақты тарихшы С.П. Толстов кезінде археологиялық және жазба деректерге сүйене отырып, бұл өңірдің материалдық және рухани мәдениеті сол кез үшін өте жоғары болғанын ерекше атап көрсеткен еді.

Қаңлы атауы өз есімін Қаңқа өзенінен алады. Қаңлы «Қаңқа өзенінің бойын мекендеген ел» деген мағынада қолданылған. Ежелгі Сырдария мен Әмудария аралығы түркілік өркениеттік орталығы болғанының бір белгісі «Қаңқа» атауының осы өзен бойын мекендеген тайпалардың атауына негіз болғандығы. Мысалы, «Қаң» түбірінен туындағын қаң-қаңлы, құн-ғұн, қоң – қоңырат, кең – кенегес сияқты этнонимдер пайда болады.

Қаңлылар өздері билік құрған кезеңде сыртқы саясатында Жібек жолының Сырдария бойымен жүретін бөлігіндегі Ферғанадан Арал өңіріне дейінгі бөлікті өз бақылауларында ұстауға ұмтылды және көздеген мақсаттарына жетіп отырды. Жаңақорған ауданы жерінен табылып отырған, бірақ әлі толық зерттелмеген обалар мен қорымдардың осынау сақ, қаңлы дәуірінің ескерткіштері болуы да ғажап емес. Әрине, бұл тек болжам ғана емес. Себебі, археологтардың мерзімдеуі бойынша бұл обалардың ерте темір дәуірінен бастау алатындығын көреміз. Талап ауылының солтүстігіне қарай 10,8 шақырым жердегі Тұрғанбай бауында табылған б.з.д. I мыңыншы жылдықтың аяғы мен б.з. III ғасыры аралығын қамтитын обалар (Тұрғанбай, Қабыланды, Бесарық), ерте темір дәуірін қамтитын 1-Күйкентай обалар қорымы, Қосүйеңкі ауылынан солтүстік-шығысқа қарай қола, темір дәуірін қамтитын Ақүйік обалар қорымы, ерте темір дәуірін қамтитын 1-Шырағдан, Қоспа, Бөріойнақ, Ынтымақ, Қызылтау, Құланшы, Жолөткен, Қырқым, Ботасоқты, Қаракөмер, Ынтымақ, Қарынжарық, Мұртты обалы, Қыраш ауылының солтүстік-шығысында Құланшы өзенінің сол жағалауындағы Қаратас, Қырқым, Бірлік ауылынан солтүстік шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде табылған Көлтоған, Жылқықора, Ақсеңгір, Бастау, Құттықожа ауылының солтүстік шығысындағы Ақбастау дарбазасы, Күйікті,

Қызылбұлақ, Бүркітті, Мұстапа, Шалқия ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 32 шақырым жердегі Құрсаз, одан әрі Үсенбауы, Қоспа және т.б. [16, 137-265]. Жаңақорған ауданы жеріндегі обалар 1975-1980 жылдары С.М. Ақынжанов, 2005 жылы М. Елеуов бастаған археологиялық экспедициялар ұжымы барлау жұмыстарын жүргізіп, мерзімдерін анықтаған. Көне дәуірден хабар беретін бұл ескерткіштерді зерттеу – келешектің еншісінде.

Ежелгі ескі мекен

Сырдарияның оң жағалауындағы темір жол бойында орналасқан Жаңақорған кентінің тарихы ежелгі дәуірден бастау алады.

Ежелгі мекен туралы мынадай мәліметтер бар: «Село XIX ғасырдан бері Жаңақорған деп аталады. XVI-XVIII ғасырларда Дінқорған, Шепқорған аталған. Оның түбінде ертеде шағын қала болған. Оның қазіргі сыртқы көрінісі – оңтүстіктен солтүстікке қарай 100 метрге созылып жатқан төбе. Осы төбенің оңтүстік жағында 20 метрдей жерде екінші шағын қаланың орны бар. Екеуінің де биіктігі 2x4 метр, ал ортасындағы қамалдың биіктігі 8 метрге дейін барады. Археологиялық барлау жұмысының нәтижесінде құманның, табақтың, керсеннің, күбінің сынықтары табылды. Ыдыстардың сыртына ою-өрнектер салынбаған. Археологиялық материалдарға қарағанда, бұл көне қала біздің заманымыздың I-VIII ғасырларында өмір сүрген, тұрғындары егін егіп, мал өсірген» [16, 286].

Демек, бұл деректерге қарағанда, көрсетілген елдімекендердің сонау сақ, қаңлы, ғұн тайпалары кезінде болғандығын аңғартады. Кейінгі зерттеу мәліметтеріне сүйенер болсақ, Жаңақорған орнындағы ең алғашқы қоныс біздің дәуіріміздің I-V ғасырларында пайда болған. Оның орны – қазіргі Құмсаба. Құмсабаның астында көне қалашықтың орны бар. Бұл жөніндегі пікірді қазақтың мәдениеті мен тарихына терең барлау жасап келген белгілі қаламгер, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Дүкенбай Досжан қуаттайды.

Ал соңғы кездері қазақ өнері мен мәдениетінің тарихына ден қойып зерттеп жүрген жазушы-журналист Әбілхан Әбіласанов былай деп жазады: «Жаңақорғанның ежелгі аты – Құмсаба. Құм, қом – көне түрік замандарынан бері кәдімгі құм мәнінде айтылып келеді. «Қоғалы көлдер, қом сулар» дегендегі «қом» осы құм мәнін білдіреді. Қай жерде су болса, сол жерде құм да бар. Судың табаны – құм. Қызылқұм ежелден судың асты болған деседі. Саб, саба – жер, мекен, толқын деген ұғымдарды білдіретін көне түрік сөзі. Сонда Құмсаба – құмдауыт жер, құмды қыраттар, құм – толқын, құмайтты мекен деген сөз. Бұл атау оның табиғи жағдайымен де сәйкес келеді [17].

Құмсаба кейінірек Құмкент деп аталып кеткен. Бұл жөнінде Дүкенбай Досжан «Жаңақорғанның тарихы» деген зерттеу мақаласында: «Махмуд Қашғарлықтың жазбасында Құмкент, Оғызкент, Сығанақ аталады. Тұман жазбаларында «Құмкент – Сығанақтың серігі» деген дерек бар. Қазіргі Құмкент деп жүргеніміз – Құмсаба» [18] дейді.

Ал белгілі археолог-тарихшы Әлкей Марғұлан «Оңтүстік жеріндегі көне орындар» атты кітабында: «Құмкент деп жұрт Қаратаудың бел ортасындағы Баба атаны, не болмаса Саудакентті шатастырып жүр. Құмкенттің географиялық орны Саураннан төмен, ұлы өзеннің бойында жатыр» деп жазуы Дүкенбай Досжанның тұжырымына негіз болған.

Қазіргі Жаңақорған кенті осы Құмсаба қалашығының орнында бой көтергендігін осы аталған деректер айғақтайды. Құмсаба қалашығы дария арнасы бір аунаған кезде судың астында қалып қояды. Халық енді дарияны өрлей отырып, қазіргі Жаңақорған кентінің оңтүстік-батыс жағында 5 шақырымдай жердегі, дарияның оң жағалауындағы Борықты деген жерге қоныстанады. Шағын қорған салып, бұл жерді Дінқорған деп атайды. Дариядан канал тартып, егін егіп, мал өсіреді. Осы кезеңдерде Дінқорғанмен қанаттас Ордакент қонысы да аталады. Ордакент қонысы қазіргі Жаңақорған кентінен солтүстік-батысқа қарай 3 шақырымдай жерде, ежелгі Ордакент қалашығынан оңтүстікке қарай 122 м жерде орналасқан [15]. Бірақ бұл мидай жазық дала суы тапшы болғандықтан тұрғындарға қолайлы қоныс бола қоймайды. Халық енді суы мол, қонысқа қолайлы жер іздеп, дариямен ұласып жатқан көл жағасына жаңадан қорған салады. Аңызак Ордакенттегі ел енді көл жағасындағы елдімекенге келіп орналаса бастайды. Бұл қоныс – Жаңақорған деп аталады. Бұл 1803 жыл еді. Сол кездегі қонысты қоршай тұрғызылған қорғанның орны қазіргі Жаңақорған қонысындағы Қорған (Крепость) көшесінің айналасы болады.

«Омар ханның (1809-1822) билігі кезінде Сырдарияның оң жақ жағалауындағы керуен жолдары бойынан Жаңақорған, Жөлек, Ақмешіт, т.б. бекіністі қорғандар салынды» [19] деген дерекке қарап Жаңақорғанды қоқандықтар орысқа қарсы бекініс ретінде орнатты деуге болмайды, керісінше оны нығайтып, бекініс ретінде пайдаланған. Бұл бекініс жөнінде Алексей Брагин «Третье рождение» деген кітабында: «Жаңақорған – жаңа бекініс күтпеген жерден пайда болды, көпшілікке байқаусызда салынды. Бекініс төрт бұрышты қорғанмен қоршалды. Қорғанға қойып ататын білтелі мылтықтары болды. Жаңақорғанның ұрма дуалдары Ақмешіттегідей ұрма саз балшықтан тұрғызылған. Оған шығыс жағындағы жаппалы қақпа арқылы кіруге болады. Қорған ішіндегі қалашықтың жартысы саздан салынған, аздап ағаштан да тұрғызылған үйлер бар. Сонымен бірге кішігірім сұр киіз үйлер мен ауқатты ақ боз үйлер болған» [20, 122] деп жазды. Бұл айтылып отырған деректер Жаңақорғанның кейінгі кезеңдегі тарихынан сыр шертеді. Дегенмен, археологиялық қазба деректері Жаңақорғанның ежелден адамдарға тұрақты мекен болғандығын айғақтап отыр.

Жаңақорғанмен қанаттас Күйкентай, Ақүйік, Қоспа, Ынтымақ, Ботасоқты, Ителгісай, Көлтоған, Жетітөбе тағы басқа да сақ заманындағы обалар мен қорымдыр біздің заманымызға дейінгі VIII-IV ғасырлардағы ерте темір дәуіріндегі тұрақтар екендігі зерттеу кезінде анықталған [15].

Демек, қазіргі Жаңақорған кенті сонау көне дәуірден бастап адамдар өмір сүріп, тіршілік жасаған қоныстардың жалғасы деп білеміз.

Ортағасырлық қалалар

Қазіргі Қаратөбе ауылынан солтүстік-батысқа қарай 5,3 шақырым жердегі **Абызтөбе және ауылдың оңтүстік шығысына қарай 4 шақырым жерде орналасқан Қаратөбе қалашықтары**. Бұл ескерткіштерді 1900 жылы В.А. Каллаур ашқан. 1966 жылы С.П. Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы зерттеген. 1969 жылы Отырар археологиялық экспедициясы (жетекшісі К.А. Ақышов) ескерткіштің топографиялық жоспарын қағазға түсірсе, 2004 ж. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің тарихи археологиялық экспедициясы географиялық координаттарын анықтап, суретке түсірген. Абызтөбе қала жұртының қазіргі көрінісі, солтүстік-батыстан оңтүстік-шығысқа қарай созылып жатқан ұзындығы – 105 м, көлденеңі – 30 м, биіктігі – 5 м, ұзын төртбұрышты жота. Төбесі тегіс. Қаратөбе қала жұртының бұрыштары төрт тарапқа бағытталған, трапеция тәрізді екі қабаттан тұратын төбелерден тұрады. Жиналған құмыралардың сынықтары бойынша ғалымдар бұл қалалардың б.з. I ғасырдағы өркениет орталығы болғанын дәлелдеді.

Түркі қағанаты тұсында Ұлы Жібек жолы мейлінше жандана түсті. Сол кезде мызғымастай қалыптасқан қағида бойынша дүниенің төрт бұрышын тіреп тұрған 4 әлемдік монархия: оңтүстікте – піл патшасы (Үндістан), батыста – інжу-маржан, асыл тас падишахы (Иран, Византия), солтүстікте – арғымақ баһадүрі, сәйгүлік патшасы (Түркі қағанаты), ал шығыста – адам патшасы (Қытай) мәдениеттері де сауда жолы арқылы осы өңірде тоғысып жатты.

Түркі дәуірі кезеңіндегі Ұлы Жібек жолының дамуы нәтижесінде қазіргі Жаңақорған ауданы жерінде бірнеше қалалар бой түзеді. Олардың бірі VI-XII ғасырларға жататын **Тақиятөбе, Ордакент қалашықтары**. **Тақиятөбе** қалашығының орны қазіргі Қосүйеңкі аулынан солтүстік шығысқа қарай 23 шақырым жерде, Ынтымақ өзенінің сол жағалауында орналасқан. Қалашықты 2005 жылы Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тарихи археологиялық экспедициясы (ХҚТУ ТАЭ) (жетекшісі М. Елеуов) ашып зерттеген. Солтүстіктен оңтүстікке қарай созылып жатқан төбенің ұзындығы 120 метр, ені 50-76 метр, биіктігі 7 метр болады. Оның солтүстігінде орналасқан төбенің ұзындығы 40 метр, ені 30 метр, биіктігі 3 метр болады. Экспедиция ұжымы қалашықтың үстінен және айналасынан қыш ыдыстардың сынықтарын тапқан. Ордакент қалашығының орны қазіргі Жаңақорған темір жол стансасынан солтүстікке қарай 6 шақырым жерде орналасқан. Ордакенттің орнын 1903 жылы алғаш В. Каллаур ашқан. 1966 жылы Жетісу археологиялық экспедициясы зерттеп, 1994 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы қалашықтың жоспарын түсірген. Қала орны диаметрі 100 шаршы метр болатын сопақша төбе, биіктігі 4 метрді, орта бөлігі 6-7 метрді құрайды. Қалашыққа кіретін қақпа ескерткіштің оңтүстік жағында орналасқан. Қазба жұмыстары барысында бұл жерден сыртын сұр лаймен сылап, дөрекілеу етіп қолдан жасаған қыш ыдыстар, астық, су

сақтайтын үлкен хұмдар, құмыралар, құмғандар, тағы басқа заттардың сынықтары табылған. Бұл заттарға қарағанда Ордакент б.з. I ғасырында бой көтеріп, VIII ғасырға дейін жеткен [21].

Ордакент егін және мал шаруашылығымен айналысқан тайпалар мекендеген шағын аймақтың орталығы болған. Оның маңынан, құрғап қалған Ақүйік өзенінің бойынан шағын 4 қалашықтың орны табылған.

VII ғасырларда бұрынғы үйсін мемлекетінің аумағын алып жатқан батыс түрік қағанатының күйреуі басмыл, түргеш, қарлық, ұйғыр, қырғыз, кимақ, қыпшақ, оғыз үстемдігіне әкеліп соқтырды.

Қазіргі Жаңақорған аудан жерінде оғыз-қыпшақ дәуірінде өмір сүрген бірнеше қалалар болды. Солардың бірі **Разды ата қалашығы**. Разды ата (VII-XIII ғғ.) қала орнын алғаш 1900 жылы А.О. Руднев ашқан. 2004 жылы ХҚТУ ТАЭ географиялық координаттарын анықтап, суретке түсірген. Қала орны қазіргі Қаратөбе ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 8 шақырым жерде, Сырдария өзенінің сол жағалалық жарқабағында орналасқан. X-XV ғасырларда өмір сүрген **Бұзық қалашығы** орны Көктөбе ауылынан батысқа қарай 2,5 шақырым жерде орналасқан. Қала орнын 1947 жылы А.Н. Бернштам ашқан. 2004 жылы ХҚТУ ТАЭ географиялық координаттарын анықтап, суретке түсірген. Бүгінгі қала орнының жалпы аумағының диаметрі 310 метрді, биіктігі 2 метрді құрайды. Қорғаныс қабырғаларында бір-бірінен 30-60 метр қашықтықта орналасқан 15 мұнараның орны сақталған. Сонымен қатар қала ені 8-12 метр, тереңдігі 1,5 метр болатын ормен қоршалған. Қалашықтың ішкі бөлігінде бірнеше құрылыстың орны сақталған. Қала сыртында шашылып жатқан қыш ыдыстар сынықтары қаланың ортағасырда ірі қолөнер, сауда орталығы болғандығын көрсетеді [15]. Сонымен қатар, өңірдегі VIII-X ғғ Ақбастау, Ақата, Асарық қоныстары, VIII-XII ғғ Балапан төбе, X-XVI ғғ Артық Ата, XV-XVI ғғ Қотан қалашықтары мен Көктөбе елді мекендері кешенді археологиялық зерттеуді қажет етеді.

Ортағасырларда тоғыз жолдың торабында орналасқан бүгінгі Жаңақорған аумағында күрделі көші-қон үдерістері мен шиеленіскен саяси оқиғалардың орталығына айналды. Сауран, Ордакент, Сығанақ, Құмиян, Аққорған, Өзгент, Баршынкент қалаларының ежелден Шығыс пен Батысты байланыстырып жатқан Ұлы Жібек жолының тармақтары бойында орналасуы бұл қалалардың экономикалық жағынан өсіп-өркендеуіне үлкен ықпал етті.

«Сығанақ – қыпшақ даласының қақпасы»

Жаңақорған жеріндегі тарихи орындардың бірегейі – Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың, Әбілхайыр хандығының, кейін Қазақ хандығының астанасы болған, екі мың жылдық тарихы бар **Сығанақ (VI-XVIII ғғ.)** қаласы. Сығанақ қаласының орны «Сунақата» елді мекенінен солтүстік-батысқа қарай 2 шақырымдай жерде орналасқан бес бұрышты төбе, аумағы 20 гектардай жерді алып жатыр. Тіпті, кейінгі зерттеу мәліметтерінде Хан сарайының маңының өзі 30 гектардан астам екендігі, ал Сығанақ

қаласының аумағы 309 га екендігі анықталып отыр. Қала өмірі VI ғасырдан XVIII ғасырға дейін созылған.

Сығанақ туралы алғашқы мәлімет 982 жылы жазылған «Худуд ал-Алам мин ал-Маширик ила-л-Магриб» («Шығыстан батысқа дейінгі әлем шекаралары») атты авторы белгісіз еңбекте «Сунах» атымен кездеседі [22]. Мұнда протоқазақтық Кимек мемлекетінің аймақтары мен қалалары туралы жазылған.

X ғасырда өмір сүрген араб географы аль-Мукаддаси (Макдиси) Сығанақты Отырармен кіндігі бір егіз қала деп көрсеткен. Сығанақ пен Отырардың ара қашықтығы 24 фарсах (160 шаәырым) [23]. Ал XI ғасырда қаланың Сығанақ деген атау атақты ғұлама, түркі тілінің маманы, ғалым Махмут Қашқаридың «Түркі тілінің сөздігі» деген атақты еңбегінде жазылған. XI-XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің кезіндегі жазба деректердің барлығында қаланың аты жиі кездесіп отырады [24].

IX-X ғасырларда Сыр бойын оғыз тайпалары мекендеген. Сол кездері Сығанақ оғыздардың иелігінде болған. X-XI ғасырлардың ортасында ішкі алауыздық салдарынан Оғыз мемлекеті әлсірей бастады. Осының әсерінен XI ғасырдың бас кезінде қыпшақтардың шапқыншылығына төтеп бере алмайды. Біраз оғыздар Сыр бойынан ығысып кетсе, қалғаны қыпшақтарға сіңіседі. Парсы деректерінде қыпшақтар мекендеген жерлер «Дешті Қыпшақ», яғни «Қыпшақ даласы» деп атала бастады. XI-XII ғасырларда Ертістен Еділге дейінгі ұланғайыр аумақты қамтып жатқан Қыпшақ мемлекеті Сығанақ қаласын өз астанасына айналдырады [25].

Сығанақ – «Сунақата» ауылынан солтүстік-батысқа қарай 2 шақырымдай жерде орналасқан ортағасырлық қаланың аты. «Сығанақ» сөзінің алғашқы буыны көне түркі сөзі «суб», «сығ» немесе «сұғ», «су» деген түсінікке саяды [26]. Екінші буыны «ан-ақ» «он оқ» деген I-VIII ғасырлар арасында түркі ру-тайпалары одағының жалпы атауынан шыққан [27]. Айтыла келе үндестік заңына байланысты «Сығанақ» болып шыққан, яғни «Сулы қала» «су жағасына салынған қала» деген мағынаны білдіреді. Өйткені, Сығанақ – бұрын Сырдарияның Қаратау жақ етегінен ағатын үлкен арнасы мен түстік жағынан өтетін кіші бір саласы арасында, айнала судың ортасында жатқан табиғи су қорғанымен қоршалған.

«Орта ғасырдағы Сығанақтың саяси тіршілігін, мәдениетін, ұлан байтақ базарын, қала құрылысын, үйлерін толығырақ жазған ғалымдар Шараффуллин Иазди, Фазуллулла Ибн Рузбихан, – деп жазды академик Әлкей Марғұлан. – Бұлардың баяндауынша, Сығанақ – қыр даланың іргесінде әдемілеп салынған шаһар. Ескі дәуірлерде ол өте гүлденіп тұрған үлкен қаланың бірі болған. Бұл өлкенің жер байлығы елінің әдеп, мәдениеті көзге ерекше түскен. Сәулетті салынған шаһардың халқы да көп болған. Қаланың базарында күн сайын 500 түйеге артылған тауар сатылып отырған. Оның маңайы толған егіндік, бақша, арық, тоған еді. Бұл қалаға Арқадан (Дешті Қыпшақ), Хажы-Тархан (Астархань) жағынан қаншама бай дүние келетін, олардың ішінде мыңдаған қой, топталған жылқы, түйе, қымбат ішіктер, тондар, қару-жарақ, қайыңның безінен жасалған жебелер, жібек маталар

болатын. Сығанақ әрі сәулетті, әрі бай жер болғандықтан, оған Еділден, Каспий теңізінен, Қашқардан, Хотаннан, Мәуереннахрдан қаптаған саудагерлер келіп, сахараның халқына өзінің нәрселерін сататын» [28].

«Сығанақ» атауы ежелгі түрік тілінде «қамал, қорған» деген мағынада қалыптасқан. Ол – ежелгі түркі қалаларының бірі. Қыпшақ хандығының шығыс астанасы болатын. Ортағасырлық деректерде «Сығанақ – Қыпшақ даласының гаваны (қақпасы)» деген теңеулер айтылған. «Абдулла-намеде» Сығанақ туралы: «Ол ежелден бері қыпшақ (қазақ) хандарының астанасы» деп жазады [29]. Хорезмшах Атсыз (1127-1154) және Ала ад-Дин Мұхаммед «дінсіздерді бағындыру» деген желеумен Сығанаққа бірнеше дүркін жойқын жорықтар жасап, ақырында Сығанақ билеушісімен бейбіт келісімге келді. Сығанақ Шығыс Қыпшақ даласындағы гүлденген қалалардың біріне айналды. «Худуд-аль-Аламда» Сығанақ диірменінде тартылған ұн әлемнің шартарабына таратылатыны туралы жазылған [30].

Моңғол шапқыншылығы қаланың гүлденген шағына тап келеді. 1219 жылы Сығанақ қаласы моңғол шапқыншылығына ұшырауының себебі күрделі. Сығанақ қаласы бұл кезде Дешті Қыпшақ жеріне көз алартқан Мұхамед Хорезмшахтың ықпалындағы бекініске айналған еді. Бекініс ішінде негізінен осы аймақты бағындыру үшін жиналған парсылық әскер болды. Жошы қалаға шабуыл жасамас бұрын ең алдымен Шыңғыс ханның қарамағында сауда және дипломатия жөніндегі қызметшісі болған көпес Хасан-қажыны қала тұрғындарымен келіссөз жүргізу үшін Сығанаққа жібереді. Бірақ сығанақтықтар Хасан-қажыны өлтіріп, өздері жауға қарсы күреске шығады. Жошының әскерлері қаланы қоршап алады. Қаланы бекініске айналдырған Хорезмшах әскері 7 күн бойы берілмей, қарсыласып бағады. Бірақ күші басым Жошы әскері қаланы басып алып, халқын қырып-жойып, қаланың күл-талқанын шығарады [31]. Алайда, Жошы әскерінің шабуылы нәтижесінде қираған қаланың тыныс-тіршілігі туралы мәлімет жазба деректерде бір ғасырға жуық кездеспейді.

Парсылық өркениеттің билеушісі Мұхамед Хорезмшах өз боданындағы қаланы түркілік өркениеттің қамқоршысы болған Шыңғысханның шабуылынан қорғауға мүдделі еді. Шыңғысхан өзіне қарсылық көрсеткен қалаларды ғана қиратқандығын ескерсек, Отырар мен Сығанақтың тағдырын қыпшақ даласындағы өз ықпалынан айырылғысы келмеген Мұхамед Хорезмшахтың басқыншылық әрекеті айқындады.

Шыңғысханның жорығы қыпшақ даласындағы түркілік мемлекеттілікті қалпына келтірді. Түркі өркениеті парсылық өркениетке жұтылып кетпей, қайтадан бой түзеді.

XIV ғасырдан бастап Сығанақ қаласы қайта қалпына келтіріледі. Қала жандана түседі. Қала біртіндеп Сыр бойындағы саяси және экономикалық орталыққа айналады.

XIV ғасырдың ортасында Ақ Орда Алтын Ордадан бөлініп шығып, Ақ Орда мемлекеті құрылады. Ақ Орда мемлекеті Жайықтан Ертіске дейінгі, Арал теңізінен бастап Сырдарияның оң жағалауынан Қаратауға дейінгі аралықтарды қамтиды. Астанасы Сығанақ қаласы болады [32].

Ақ Орданы Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы ханнан тараған ұрпақтары билей бастайды. Ерзен хан тұсында Сығанақта көптеген құрылыс жұмыстары жүргізіліп, қала гүлденеді. Сыр бойындағы қалалармен байланыс орнатадды. Ерзен хан кейін Сығанақта қайтыс болып, сонда жерленген. Әзірге Ерзен ханның кесенесінің орны айқындалған жоқ. Ерзеннен кейін хан тағына отырған оның ұлы Мұбарак ханның тұсында (1320-1345) Сығанақта теңге соғылады. Мұбарак хан Сығанаққа жерленген. Натанзидің «Ескендір анонимі» деректерінде Ерзен хан Орда Еженнің ұрпағының бірі, ол Отырар мен Сауранда мешіттер, ханакалар және басқа да қайырымдалық ғимараттар салдырған деген дерек айтылады [33]. Орыс ханның тұсында (1361-1378) Әмір Темірге арқа сүйеген Алтын Орда ханы Тоқтамыспен үлкен соғыстар жүреді. Орыс хан өлгеннен кейін Әмір Темір Сығанақты алып, Тоқтамысты хан етіп отырғызады. Ақ Орда Темір әулетінің ықпалына енгеннен кейін XV ғасырдың басына дейін Ұлықбек Сығанақты уақытша иеленеді, ал 1446 жылы Сығанақ Ұлықбектің күйеу баласы Әбілхайыр ханның (1428-1468) иелігіне көшіп, оны ол өз билігінде өмірінің соңына дейін ұстады [34] және XVI ғасырдың басына дейін Сыр бойындағы қалалар Шайбан әулетінің иелігінде болды.

Сыр бойы қалаларды қайтару үшін Қазақ хандары өте қажырлы қайрат жұмсады. Ең алғаш Қазақ хандығының құрамына қосылған Қаратау етегіндегі Созақ және Сырдария жағасындағы Сауран қалалары болды. XV ғасырдың ақырында Отырар, Иасы, Аркөк, Бозкент қалалары мен Түркістан аймағының бір бөлігі Мұхаммед Шайбаниға қарады да, Сығанақ, Сауран, Созақ қалалары мен Түркістан аймағының солтүстік бөлігі Қазақ хандығының иелігінде қалды. Ташкент пен Сайрам қалаларын Моғолстан ханы Сұлтан Махмұд биледі [35].

Осы кездегі Сығанақ қаласының тұрғындары туралы Рузбихан «қала аймағындағы қыстақ кенттер мен қала тұрғындарының қазақ хандығына ылғи да жақсы ниетте болып, қақпаларын ешбір қарсылықсыз айқара ашып қарсы алады. Қала тұрғындарының басқарушысы Қазы Садыр ал-Ислам, Шақпақ жүзбегі, Садыр-Шайхтар қаланы алуға келген Бұрындық ханға қала тұрғындарын жинап алып, «бұрын бұл аймақ Бұрындық ханға қарайтын, сондықтан ешбір қарсылық көрсетпей, қаланы оған берсек дұрыс болады» деп қаланы ешбір қарсылық-шығынсыз берген» деп хабарлайды [36]. Сонымен бірге оның еңбегінде қаланың діни-қоғамдық ғимараттарында ислам дініне байланысты сұрақ-жауаптар, түрлі жиындар болып тұратындығын, ондай кештерге өзінің де қатысатыны жазылған.

Қасым ханның тұсында Қазақ хандығы үшін «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» заман туады. Оның билігі тұсында саяси-экономикалық маңызына қарай Сығанақ қаласы Қазақ хандығының астанасына айналды. Одан кейін Есім ханның тұсында ғана хандықтың орталығы Сығанақтан Түркістанға көшірілді.

Сығанақтың Дешті Қыпшақ территориясында сауда орны ретіндегі маңызын Рузбихан «Дешті Қыпшақтың Еділ өзені шегіне дейінгі иеліктері мен жергілікті көпестері... Сығанақ қаласын өздерінің жиналатын орны істеді

және осында сауда тауарларын әкелді. Түркістан, Мәуереннахр аймақтарының және Шығыстан Қашқар, Хотан шегіне дейінгі жерлердің көпестері Сығанаққа осы елдердің тауарларын әкеліп, сауда мәмілелерімен айырбас жасайды. Бұл сауда мәмілелері Сығанақта жасалатын болғандықтан, «бұл иелік әрқашанда шет елдерден көпестер келіп тұратын орын болып табылады және онда барлық елдердің байлығы мен тауарлары мол», ондай тауарларға: «бұлғын мен тиін терісінен тігілген тондар, мықты садақтар мен ақ қайыңнан жасалған жебелер, жібек маталар мен басқа да қымбат бағалы бұйымдар» жататындығын суреттейді [37]. Бұл деректер Сығанақ қаласының өз заманында ірі халықаралық сауда орталығы болғандығын айғақтайды

Сығанақ қаласы XV-XVII ғасырлар арасында да атақты қалалардың бірі болғанын археологиялық зерттеулер дәлелдеп отыр. «1867 жылы орыс археологиялық комиссиясының тапсырмасы бойынша археолог П.И. Лерх Түркістан аймағындағы ортағасырлық қалаларды қарап шығуға жіберіледі. Ғалым қалада болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат берген. 1899 жылы Түркістан өлкетану бөлімінің меңгерушісі В.А. Каллаур қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оның топографиясын сипаттап және қаланың шығыс жағындағы қақпасының алдындағы 100 м жердегі мешіттің жобасын қағазға түсіреді. 1906 жылы қаланы археолог И.А. Кастанье қарап шығады. «1927 жылы Ресей ғылым академиясының жанындағы материалдық мәдениет институтының тапсырмасы бойынша Сығанақ қаласын А.Ю. Якубовский біршама тыңғылықты қарап шығады. Ол қаланың топографиялық жағына көңіл бөліп жанындағы кейбір керегелері сақтаулы тұрған ғимараттардың суретін түсіріп алған. Қала туралы үлкен ғылыми мақала жазған» [36, 6].

1947 жылы ОҚАЭ жетекшісі А.А. Бернштам келіп қаланың топографиялық жобасын түсірсе, 50 жылдары ОҚАЭ жетекшісі Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевичтер археологиялық барлау жұмыстарын жүргізген.

XX ғасырдың 70 жылдары қалаға ОҚАЭ жетекшісі К.А. Ақышев пен К.М. Байпақовтар Отырар қаласының ұзақ жылдарғы зерттелуіне байланысты қаланың топографиялық жағынан зерттеліп, бұл қала ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала деген анықтама берген. Алайда, тұрақты археологиялық ізденіс жұмыстарын Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік униерсиеті Археология институтының директоры, профессор С. Жолдасбаев 2003 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді.

Осы Сығанақ археологиялық экспедициясы жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың X-XII ғасырлардан XV-XVIII ғасырлар арасында өмір сүргендігі анықталды. Оны жазба деректер де дәлелдей түседі, себебі XIX ғасырдың басында жазылған «Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегінің авторы А. Левшин Сығанақ қаласын Сырдың оң жағалауында «жатқан» қала деп атап өтеді, соған карағанда ол қаланың орнын ғана айтып отырса керек [37].

Экспедиция нәтижелері бойынша: қазіргі Сығанақ жұрты екі бөліктен – шахристан және оған үш жағынан жанасып жатқан рабаттан тұрады. Оның

оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан шахристан кезінде пішімі бесбұрышқа ұқсайтын мықты қамал болған, оның өлшемдері: солтүстігі 275 м, солтүстік-батысы 175 м, оңтүстік-батысы 190 м және оңтүстігі 175 м, ал оңтүстік-шығысы 320 м өлшемінде. Биіктігі 1,5 м. Қала 6-7 м шығыңқы 15 төбешікке айналған және мұнара іздері сақталған, қасында Сунақ Ата мешіті бар. Қаланың шығыс жағындағы қақпасының алдынан 100 м қашықтықта күйдірілген кірпіштен (25x25x5 см) жасалған алғашқы кезде XIII ғасырдың аяғында сағана салынып, оның жанына зиярат жасайтын ғимарат кейіннен XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында мешітке айналдырылған, оған басты дәлел ғимараттың оңтүстік қабырғасын тесіп михраб жасалған. Осы кезден бастап ғимаратты айналдыра кіші бөлмелер жасалған. Соған қарағанда ғимараттың қолданыста болған соңғы уақытында мешіт медресенің де рөлін атқарған тәрізді. Ол шамамен XX ғасырдың 20 шы жылдарына дейін өмір сүрген деген қорытынды жасалды.

Сыр өңірі және оның бойындағы қалалар Қазақ хандығы құрылғаннан кейінгі алғашқы екі ғасырға жуық уақытта гүлденіп, көркейе түседі. Бұл үрдісті тек 1635 жылы Батыс Моңғолияда ойрат тайпаларынан құралған Жоңғар хандығы бәсеңдетті. Осыған дейін Қазақ хандығын мазаламаған моңғолдың шорос, хошоут, дурвэд, ойрот тайпаларының бірлескен қолы Есім (1598-1628) ханның билігінің тұсында шабуылдарын күшейтеді. Ал, Жәңгір хан (1628-1652) жоңғарларға қарсы күрес жолында құрбан болады. Қазақ хандығының бұдан кейінгі билеушілерінің жүргізген саясаты ойраттардың шабуылдарын тойтаруға бағытталды. Алайда, XVIII ғасырдың бірінші жартысында халқымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама» қасіретіне ұшырайды. Қазақ халқы жаудың соққысынан шұбырыншылыққа ұшырап, босып кетеді. Жоңғар шапқыншылығы өңірдің қала мәдениетіне зор зиянын тигізеді. Археологиялық қазба жұмыстарының мәліметтері бойынша дәл осы уақытта Сығанақ сияқты атақты қалалар қирап, өмір сүруін тоқтатады.

Сығанақта Ислам дінін насихаттаған ғұлама Хисамиддин Сығнақи (Сунақ Ата) XI ғасырда өмір сүрген. Сондай-ақ Хисамиддин Сығнақидің (Сунақ Ата) немересі, Қожа Ахмет Иасауидің туған жиені үлкен ғұлама Хусамиддин Сығнақи XII ғасырдың алғашқы жартысында Сығанақ қаласында өмірге келген. Ол көбіне діни тақырыптарда еңбек жазған. Бірқатар мұсылман елдерінде оқулық ретінде оқытылып, зерттеу тақырыптарына айналған оның еңбектері Иран, Ливан, Египет, Сирия, Германия, Франция, Америка елдерінің үлкен кітапханаларынан табылып жатыр. Қазіргі жинақталған еңбегінің өзі 19 том болып отыр [39].

«Жеті қорғанмен қоршалған қала»

Сырдарияның орта ағысында орналасқан ортағасырлық ірі қалалардың бірі – **Сауран**. Сауран (VI-XVII ғғ.) Түркістан қаласының батыс жағында 40 км, қазіргі Жаңақорған ауданы, Манап ауылының оңтүстігінде 15 км жерде орналасқан. Қаланың орнына жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттарға қарағанда қаланың іргесінің қалануы VI ғасырдан

басталады. Қолөнердің дамуы – X-XII ғғ. X ғасырдағы араб (Ибн Хаукаль, Макдиси, Истахри) жазба деректері қаланың жақсы салынған құрылыс жүйесі – мешіт, медреселері және сауда орындары туралы мәліметтер береді. Қаланың қазіргі кезде сақталған дуалының биіктігі 7-8 м және оны айналдыра қазылған ордың кеңдігі мен тереңдігіне қарағанда, мықты бекініс болған. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде қаланың XVII ғасырға дейін өмір сүргендігі анықталған. Қаланың үстінен түсірілген әуе суреттері оның маңындағы қыстақ, кенттердің орнын, егін суғаруға қазылған арық, тоғандардың ізін тапты.

Сауран – Жаңақорған кентінен оңтүстік-шығысқа қарай 60 шақырымдай жердегі ежелгі ортағасырлық қаланың, ауылдық округтің, темір жол стансасының аты. Сырдарияның оң жағы мен темір жолдың батыс беткейінде. Шығыстанушы ғалым П.И. Пашино Сауран қамалының аты бекіністі жаудан бес рет тазартып, өзіне қайтарып алған Сауран батырдың ныспысымен байланысты» [40] дейді.

Сауран қаласы жайлы алғашқы деректер X ғасырдағы араб саяхатшыларының жазбаларында кездеседі. Демек, бұл қала бұдан көп жыл бұрын, тарихшылардың айтуынша, VI ғасырда пайда болғандығын аңғартады.

X ғасырда өмір сүрген арабтың географ-ғалымы Макдиси Әл-Мутаххар Ибн Таһир жиырма екі тараудан тұратын «Дүниенің басталуы мен тарихы» деген кітап жазған. Осы еңбегінде ол: «Сауран – бірінің сыртынан бірі 7 қабат дуалмен қоршалған үлкен қала, оның ішінде рабат, сарай, мешіт бар. Ол оғыздар мен қыпшақтардан қорғануға арналған шекаралық бекіністі қала» дейді [41]. Сондай-ақ қала ішінде шайқалып тұратын 2 мұнарасы бар ғажап медресе де болған. Бұл екі мұнараның арасы шынжырмен байланып, олардың әр күмбезінің астына бөрене бекітілген, егер біреуін қозғаса шынжыр дірілдеп, екінші мұнара құлап бара жатқандай көрінеді екен. XVI ғасырдың тарихшысы ибн Рузбихан 1509 жылы наурыз айының ортасында Сауранға келіп, оның әдеттен тыс көрікті қала екенін айтады. Ибн Рузбихан Сауран туралы: «Бұл қала керемет сұлу және шексіз көңілді, ауасы өте таза, адам жанын көңілдендіріп, сергітеді. Маңайы құлпырған бау-бақша, әр түрлі ағаштар, қаланы айналдырып биік дуалдар қоршап тұр, ал оның айналасында – ор, ешқандай жау ала алмайды. Бұл қаланың топырағы білім мен ғылымның ордасы. Халқы ерекше білімқұмар, зерек және қонақжайлылық олардың табиғатына әбден сіңген» [42], десе, 1515-1516 жылдары Сауран қаласында тұрған парсының ақын-жазушысы Зайнаддин-Васифи естелігінде қаланың төңірегінде арықтармен, өзендермен және кәріздермен суландырылған ауыл-шаруашылық алабы болғанын және олардың игерілуі туралы құнды деректер береді. Сырдария алқабында орналасқан ортағасырлық қалалар көбінесе дөңгелек сипаттағы, моңғолдарға дейінгі жоспарлау негіз етілген. Дәстүр бойынша тік бұрышты етіп жоспарланған қалалар оны кейінгі кезде де сақтап қалған.

Қала сол айналасындағы жерлерден 2 метрден жоғары табиғи төбенің үстіне дәлдік есеп өлшеммен шебер соғылған.

Сол заманда Қаратау етегінен аққан өзендер Сырдарияға құйып жататын. Көктемгі тасқын суы мен өзен сулары жайылымдар мен шабындықтарға жайылып, қала төңірегін көгерісі мол аймаққа айналдырған. Сауран қаласы қымыз бен шұбаттың отаны атанған. Сайрам, Отырар, Сауран арқылы солтүстікке қарай Ұлы Жібек жолының өтуі қаланың өркендеуіне аса қолайлы жағдай туғызған. Қала көшпелі және отырықшы өркениеттің тоғысқан жерінде үлкен сауда орталығына айналған. Сауран базарында Қытай жібегі мен Орта Азияның асыл бұйымдарын тиеген керуендер күндіз-түні үзілмейтін болған.

Сауранның маңайында жер өңдеу мәдениеті ертеден-ақ дамыған. Егіні суармалы болған. Сыр өзенінен үлкен арықтар қазылған. Қала тұрғындарын осындағы ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған. Тіпті, сыртқа да астық сатқан.

Сондай-ақ, қаланы сумен қамтамасыз ету және қала төңірегіндегі бақтарды суару кәріздер жүйесі арқылы жүргізілген. Кәріздің басына бекініс салынып, оның ішіне құдық қазылған. Құдықтың тереңдігі 200 м, су толған тереңдігі 150 м. Құдықтардың диаметрі 5 м, ара қашықтығы 12-15 м. Бұл кәріздің ұзындығы 7 шақырымға жеткен. 7 шақырымға созылған кәрізді салуға 200 үнділік құлдар пайдаланылған [43]. Суды шығыр арқылы да шығарған. Кәріздік суландыру жүйесі Қазақстанда әзірге тек Сауран қаласында ғана табылып отыр.

Сауран қаласы, сонымен қатар үлкен қорғаныс орны, бекініс қамалы болды. Қаланы биік дуалдармен қоршап, ол дуалды айналдыра тереңдігі 3 метрге дейін, ені 15-20 метр келетін ор қазып су жүргізіп қойған. Қалаға екі қақпа арқылы ғана кіретін болған.

Қаланың бас қақпасы қабырғаның солтүстік-шығыс бөлігіне, екінші қақпасы оңтүстік-шығыс бөлігіне орнатылған. Ал бұдан басқа шығыс жағындағы мұнараның ішінде қалаға кіріп-шығатын құпия есігі болған.

Қаланың осы екі қақпасының алдындағы ор үстіне қорған қақпасына кіретін аспалы-жиналмалы көпір орнатқан. Бұл аспалы көпір сақтық үшін түнемеге жиналып қойылады екен.

Қала ішіндегі қоймаларда азық-түлік пен ауыз судың мол сақтық қоры болған. Қару-жарақ, оқ-дәрі сақталған. Қорған қабырғаларының әр жерінде және биік мұнараларында сыртқы жауларға қарсы қару қойып, оқ ататын арнайы орындар жасалған.

Дала билеушілерінің Сырдария қалаларын иелену жолындағы қиян-кескі күресі кезеңінің барысында бірінші кезекте қалалардың өздері зардап шекті, бұл кезеңде олардың әрқайсысында күшті бекініс жүйесі болуға тиіс еді. Соңғы орта ғасырлар тарихшыларының шығармаларында қала қабырғаларының биіктігі мен беріктігінің, орлар тереңдігінің мейлінше әдемі суреттелетіні тегін емес. Сауранның XVI ғасырдың соңғы ширегінде қалалық бекіністерінің сипаттамасын Хафиз-и Таныш қалдырған. Хафиз Таныш: «Оның мықтылығы соншалық, оның мұнарасы мен дуалын бұзу ешкімнің де ойына келмеген», – деп жазды. Сауран қаласының орны солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа 800 метр, ал солтүстік-батыстан оңтүстік шығысқа 550

метрге дейін созылып жатыр. Қаланың айналасы екі жарым шақырымдық қисық төртбұрышты ормен қоршалған. Қорғанның құлап, шөккен қазіргі қалдықтары биіктігінің өзі 3 метрден 6 метрге дейін жетеді.

Аты әлемге тараған Сауран қаласы туралы мағлұмат жазба деректерде ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының ауыз әдебиетінде де кездеседі. Асанқайғы бабамыз Жерұйықты іздеп қазақтың кең-байтақ даласын аралап жүргенінде Желмаясының басын осы қалаға да бұрғаны туралы дерек бар. Қаланы көрген соң: «Әттеген-ай, қорғанды ай тақырдың бетіне, шөлстанның өтіне салған екен. Сарқырап аққан суы жоқ, жайқалып тұрған нуы жоқ – түбі тұрақты қала бола алмас», – деп толғаған екен әйгілі абыз.

Зерттеуші-ғалым В.М. Флоринский 1888 жылғы зерттеуінде Сауран мұнаралары жайлы көзбен көргенін былай деп жазды: «Сауран мұнарасының аман қалған бөлігінің биіктігі 15 метр, оның жанында 500 метр қашықтықта 1867 жылы көктемде қираған мұнара тұр. Бүгін қалған мұнараның табанында төбені қазған кезде оның қазіргі үстінен іргетасына дейін толық сажын (яғни, 2 м 13 см) болып шықты. Мұнаралар күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, түрі тізбектелген тәріздес, айналмалы түрде жақсы салынған ішкі сатысынан ең жоғарғы жағына дейінгі диаметрі 6 аршын (яғни, 4 м 26 см). Мұнараларының бірінің түп жағы алтын жалатылған көгілдір әшекейлер безендірілген. Бұл құрылыстың ішіне кіру үшін бір жағынан табанына бір жарым сажын (яғни, 3 метр 20 сантиметрдей) биіктіктен бұранда тәрізді басқышқа (айналмалы сатыға) кішкене төрт бұрышты саңлау (тар есік) жасалған. Басқыш жарықты қабырғаларда жасалынған кішкене төрт бұрышты терезелерден алады» [44].

Мұның бәрі – Сауранның сол кезеңде мәдениеті өркендеген қалалардың бірі болғандығын дәлелдейді. 1866 жылы сапарында А.К. Гейнс Сауран, Исфиджаб, Яссы, Қарнақ қалаларына көңіл бөледі. Ол Сауран қаласында аз ғана қазба жұмысын жүргізді. Автордың айтуынша ол жерден маңызды еш нәрсе табылмаған. Қазылған шұңқырдан тек күйген кірпіштердің сынықтары мен күл табылады. Қазбадан табылған барлық заттар сол жерде қалады.

XIV ғасырдың аяғында атақты Әмір Темір Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иасауи зиратының басына алғашқы қышын өз қолымен қалап, сәулетті ғимарат (кесене) салдырды. Осы ғимаратқа Сауран топырағынан күйдірілген қыш дайындалады. Дайындалған қышты көлікпен тасытпай, Саураннан 30 шақырым жердегі Түркістанға дейін 40 мың құлды қатар тұрғызып, қышты бірінің қолынан біріне ұзатып жеткізген деген аңыз бар.

Сауран қаласы Сыр бойының өзге қалалары секілді талай аласапыран заманды басынан кешірді. Алғашқыда бұл өлкені қаңлы тайпалары биледі. Одан кейін Сауран қаласы біраз уақыт Оғыз мемлекетінің құрамында болды. XII ғасырда қыпшақ мемлекетінің ірі саяси және мәдени орталықтарының біріне айналды.

1219-1220 жылдары моңғол шапқыншылығы тұсында Сыр бойындағы басқа қалалар секілді Сауран қаласының да экономикасы құлдырайды. Ал XIII ғасырдың екінші жартысында саяси жағдайдың тұрақтануымен бірге

Сауран қаласы қайтадан көркейіп, дами бастайды. Сауран қаласы XIV ғасырдың бірінші жартысында біршама уақыт қазақ халқының этнос ретінде қалыптасуының алғашқы ұйытқысы саналатын Ақ Орда мемлекетінің астанасы болды. Мұнда 1320 жылы дүниеден озған Ақ Орда билеушісі Сас-Бұқа жерленген. Ал оның баласы Ерзен-хан Сауранда медресе, ханака, мешіт ғимараттарын салдырған.

1405 жылы Әмір Темір Сауран қаласын Қытайға шабуыл жасау үшін 80 мың қол жинап, әскерлерге соғыс өнерін үйрететін және қару-жарак сақтайтын үлкен қорғаныс қамалына айналдырды. Бірақ, Әмір Темірдің сол жылғы ақпанда Отырар қаласындағы мешітте намаз үстінде жүрек талмасынан кенеттен қайтыс болуы – оның Қытайға жорығының аяқсыз қалуына әкеліп соқтырды.

Сауран Жәнібектен кейінгі қазақ хандары Бұрындық, Қасым, Хакназар, тағы басқалары тұсында шапқыншылықтың салдарынан біресе шайбанидтердің, біресе қазақ хандарының қол астына өтіп отырған. XV ғасырдың 80 жылдарында қазақтың тұңғыш хандарының бірі Жәнібектің баласы Еренші сұлтан осы Сауранды билеген.

Сауран Түркістан, Сығанақ қалалары секілді қазақ хандығының құрамына біржолата 1598 жылдан бастап қарады. Түркістан Қазақ хандығының астанасы саналып, ал Сауран мен Сығанақ қалалары әкімшілік орталықтары болып қалады. Сауран қаласы XVII ғасырдың 80 жылдары жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырайды. Жоңғарлар шабуылмен Сауран қамалын басып ала алмағанын өз көзімен көрген атақты Бұқар жырау осы оқиғаға арналған «Тас қамал» атты дастанын жазып еліне қайтқан [45].

Сауранның бекініс құрылыстарының қалдықтары осы кезге дейін керемет әсер қалдырады. Қамал-қорғанның жалпақ дуалы шикі кірпіш араластырып қаланған күйдірілген балшық блоктармен салынған. Оның сақталып қалған биіктігі қазірдің өзінде 6 м-ге жетеді. Онда дөңгелек 4 мұнараның қалдықтары аңғарылады. Дуалдың сыртында тереңдігі 3 м-ге, ені 20 м-ден 50 м-ге дейін жететін ор болған. Қақпалардың алдында сыртқа ойысыңқы дуал бөлігінен құралған жиырма метрлік тар жолдар бар. Сауран қаласының тағы бір ерекшелігі усадьбаларының көптігінде. Аэрофотосъемка суреттерін талдау барысында Сауран маңында 350-ге жуық селолық усадьбалар болғаны анықталды.

Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының археологиялық экспедициясының зертеу жұмыс нәтижесінде 2004-2005 жылдары Саураннан орта ғасырлық мешіттің орны табылды. Мешіттің сыртқы қабырға бойынша есептегендегі ені 31 метр, жалпы аумағы 1200 шаршы метр болады. Өзінің жобалық композициясы бойынша Сауран мешіті Самарқандтағы Бибі-ханым (XIV ғасырдың соңы), Ташкенттегі Жами (XV ғасырдың соңы) және Бұхарадағы Калян (XVI ғасырдың бірінші ширегі) жұма-мешіттермен сыңарлас келеді.

Бүгінде Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының археологиялық экспедициясы ортағасырлық Сауранның төңірегіндегі жобасы мен атқарған қызметтері әртүрлі болып келген сәулет ескерткіштерінің

киранды орындарында кең ауқымды зерттеулер жүргізуде. Жұмыстардың мақсаты аршылған архитектуралық бөліктерде «Қазқайтажаңғырту» арнаулы қайта қалпына келтіру кәсіпорынының күшімен консервациялау жұмыстарын жүргізіп, Сауран шаһарын ашық аспан астындағы мұражайға айналдыру болып отыр.

Ортағасырлық Құмиян қаласы

Жаңақорған ауданында археологиялық тұрғыда әлі де толық зерттелмеген Құмиян, Қырөзгент, Аққорған сияқты ортағасырлық қалалар бар.

Құмиян қаласы Келінтөбенің оңтүстік-батыс жағында 10 шақырым жерде, Сырдарияның құрғап қалған арнасынан 3-4 шақырым қашықтықта орналасқан. Қала шамамен VII-XII ғасырларда өмір сүрген. Құмиян тік төртбұрышты камал қала, көлемі 210x180 метр, қала сыртындағы қорғанның кейбір сақталған биіктігі 5-6 метр, дуалының ені шамамен 3-3,5 метр болады. Қаланың оңтүстік жағындағы екі бұрышындағы мұнараның құлаған орны 2,5 м төбе болып үйіліп жатыр. Қорғанның құрылыс жүйесіне қарағанда төрт жағында бес-бестен мұнара болған. Мұнаралардың арасы 35 метр болады. Қаланың қақпасы оңтүстік-шығысында орналасқан. Қорғанның сыртында айналдыра ені 8 метр, тереңдігі 1,5-2 метр ор болған. Құмиянның ортасында көлемі 45x45 метр цитаделі сақталған. Алайда екеуінің ішінде ешбір құрылыстың ізі байқалмайды. Дегенмен солтүстік-батыс жағындағы бұрышта шағын ғана төбенің орны байқалады. Соған қарағанда шаһристан ішінде құрылыс жүйелері болған деген ой тудырады. Қала үстінен теріп алынған қыш ыдыстардың ернеуінде жапсырылған жиектері, су тасуға арналған құмыралардың тұтқалары әсем жасалған. Ас ішуге қажетті ыдыстардың түптері дөңгелек. Олардың көпшілігінде ақ ангобаның үстінен көк, қоңыр сырмен өрнектер жүргізілген. Ыдыстардың сырлары Отырар қаласының он бірінші мәдени қабатынан алынған ыдыстарға ұқсас келеді [46].

Құмиян туралы алғашқы жазба ескерткішті 1910 жылы В.А. Каллаур жазған. Ескерткішті 1969-1970 жылы К.Ақышев ашып, зерттеген. Ал, 2004 жылы археолог, профессор М. Елеуов қалашықтың географиялық координаттарын анықтап, «Жинаққа» енгізген [15].

Ел аузында Құмиян қаласын ордалы жыландар жайлап алып, халқын қуып шығыпты, содан қала қаңырап бос қалыпты деген аңыз әңгімелер сақталған. Осыған байланысты жазушы-зерттеуші Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай: «XI ғасырдың орта шенінде Қыпшақ тайпаларының Оғыз мемлекетін ойрандағаны тарихтан мағлұм. Қыпшақ тайпалар одағына қимақтар да кіретін еді. Қимақтардың тотемі жылан екендігін жазбаша жәдігерлердің көпшілігі-ақ айғақтайды. Олардың туларында жыланның суреті жалаңдайтын, таңбалары да жылан тәрізді бейнеленетін», – дейді [15, 238 б]. Олай болса, жылан таңбалы ту ұстаған қимақтардың шабуылынан теперіш көрген құмияндықтардың оларды ордалы жыланға балауы да

мүмкін. Дегенмен, Құмиян қаласы кезінде өркендеген қаланың бірі болғаны сөзсіз.

Орта ғасырдағы Аққорған қаласы

Орта ғасырдағы қамалды қалалардың бірі – **Аққорған** (XIV-XVIII ғғ.) Жаңақорған кентінен оңтүстік-батысқа қарай 40 шақырымдай жерде. Сырдарияның сол жағалауындағы қазіргі Түгіскен елді мекенінің аумағында болған. Бұл күнде қаланың төбеге айналған орны ғана қалған.

Ескерткішті 1890 жылы В. Каллаур ашқан. 1900 жылы А.О. Руднев, 1969-1970 жылдары К. Ақышев зерттеген. 2004 жылы М. Елеуов географиялық координаттарын анықтап, жоспарын сызып, суретін түсірді. Қалашықтың шығыстан батысқа қарай бағыттталып созылып жатқан шахристанының ұзындығы – 260-390 м, ені – 200-100 м, биіктігі – 3-5 м. шахристанның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан, солтүстіктен оңтүстікке созылып жатқан цитадельдің (қамал) ұзындығы – 120 м, биіктігі – 6 м. Оны сырттай қоршаған үймек жалдың ені – 8-9 м, биіктігі – 1,5-2 м цитадельге кіретін қақпа оңтүстік қабырғада орналасқан [15, 234 б].

Шахристанды айнала ені 6-8 м және 2,5-3 м тереңдікте ор қазылған. Қаланың жері өте кебір, үстінде өрт іздері байқалады, сүйек сынықтары кездеседі. Үстіңгі мәдени қабатынан алынған көзе, құмыра, тостаған жұрнақтары талданғанда, ертедегі қаланың XIV-XVIII ғасырлар аралығында өмір сүргені материалдарынан айқын байқалады [47].

Деректерге сүйенсек Масуд бин Осман Кухистанидың хабарлауынша Аққорған Сығанақ, Созақ, Аркук қалалары сияқты Әбілқайыр ханға өз еркімен берілген. 1581 жылы Өзгентке жорық жасап бара жатқан Абдолла II Аққорғанды басып өткен. 1582 жылы маусымда болашақ Қазақ ханы Тәуекел сұлтан Абдолла II-нің ағасы Ибадулла сұлтанмен Аққорған маңындағы жайлауда кездескен [48].

Аққорған қаласының аты XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы кезеңіндегі Сыр бойында өркендеген қалалармен қатар аталады. Тарихшы Ибн Рузбихан «Түркістанның отыз бекінісі» атты еңбегінде Сырдария мен оның сол жағалауындағы Аркөк, Өзгент қалаларымен бірге Аққорған қаласын да дамыған қалалардың қатарына жатқызады. Бұл қала үлкен сауда орталығы болмағанмен, суармалы егін шаруашылығы дамыған бекіністі қала болған. Кейбір жазба деректерге қарағанда, Аққорғанда астықтың мол қоры сақталған.

Өзгент – оғыздар қаласы

Өзгент қаласы (VIII-XVIII ғғ.) – Сыр бойындағы Сығанақ, Сауран қалаларымен тағдырлас, кезінде мәдениеті мен саудасы, ілімі-білімі, экономикасы жақсы дамыған, саяси орталық қалалардың бірі болған.

Өзгент – қазіргі Өзгент ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 18 шақырым жердегі, Сырдарияның сол жағында орналасқан ортағасырлық қала орны [43, 349], ауылдың, ауылдық округтің аты. Бұл – көне замандағы «Оғызкент»

атауының қатты дыбыстық өзгеріске ұшырап, бізге жеткен атау. Өзгент – көне «Оғызкент» атауының өзгерген түрі, яғни оғыздардың кенті, қаласы мәніндегі атау [49]. «Оғыз» және «кент» деген сөзден құрылған. Кент «қала» дегенді білдірсе, «Оғызкент» («Оғыз қаласы») айтыла келе, дыбыс үндестігіне байланысты «Өзгент» болып өзгеріп, кейін солай қалыптасып кеткендігі көрініп тұр. Оғыз атауының этимологиясының өгізге қатысы жоқ, ол «су, өзен» деген мағына береді.

Шығыстанушы-ғалым В.М. Жирмунский «Оғыздардың Сырдарияның төменгі ағысындағы ежелгі мұралары» деген еңбегінде Өзгент атауының төркіні оғыздармен байланысты екендігін айтады. Мұның жөні дұрыс секілді. Өйткені, тарихи деректерге қарағанда, VII-IX ғасырлар шамасында Қаратау бөктері мен Сырдария алқабын оғыз тайпалары мекендеген заманда Өзгент аты шыққан шаһар болған.

Археолог-ғалым, полковник В.А. Каллаурдың айтуы бойынша: «Өзгент дегеніміз – ол, біріншіден, Сырға қосылатын өзен; екіншіден, ішкі Өзгент және қыр Өзгент деген екі бекініс, соның екіншісі XIII ғасырдағы Өзгент» дейді. Демек, сол замандарда бұл жерде шағын өзеннің де болғандығын аңғартады. Ішкі Өзгенттің орны қазіргі «Өзгент» пен «Қожакент» елді мекендерінің аралығында болса, ал қыр Өзгентінің орны «Өзгент» елді мекенінен батысқа қарай 15 шақырымдай жерде. Ішкі Өзгентті Сырдарияға жақын болғандықтан – Сыр Өзгенті, ал сыртқы Өзгентін қашықтау болғандықтан – Қыр Өзгент деп атаған.

Қыр Өзгентті 1900 жылы алғаш рет В.А. Каллаур зерттеп, хатқа түсірген. Ал, қаланы советтік заманда 1969-1970 жылдары археолог К. Ақышев зерттесе, 2004 жылы ғалым М.Елеуов географиялық координаттарын анықтап, фотосуретке түсірген. Жоспары көпбұрышты, бұрыштарда мұнаралары бар қалашық солтүстіктен оңтүстікке қарай 250-300 метрге созылған. Шығыс, батыс және оңтүстік қабырғаларының бұрыштық түйістерінде мықты қорғанысты 15 мұнара орналасқан. Қала дуалын айналдыра кеңдігі 10 метр, тереңдігі 2 метр ор қазылған. Қаланың үлкен қақпасы қалашықтың шығыс бөлігінде орналасқан [15, 231]. Кейбір деректерде қаланың 62 қақпасы болғандығы айтылады. Қорған төрт бұрышты етіп төбе үстіне салынған ұзындығы 1,5 шақырымдай шөгіп қалған қорған ішінен керамикадан жасалған түрлі-түсті ыдыс сынықтары кездеседі.

Қала қорғанына орнатылған мұнаралар сегіз қырлы және дөңгелек қалыпта күйдірілген қыштан тұрғызылған. Әр мұнараның ішінде тастан қаланған 40 басқыштан тұратын айналмалы сатысы болған.

Қалада сардобаның орны кешеге дейін сақталып келген. Онда жаугершілік кезінде, басқа да жағдайларда қайтыс болған адамдардың мәйіті уақытша сақталған.

X ғасырдың ортасында қуатты державаға айналған Қарахан қағанаты ішкі саяси тартыстардың барысында Батыс және Шығыс Қағанат болып (XI-XII ғғ.) екіге бөлініп кетеді. Осы кезде Батыс қағанатының тізгінін Әбу Ләйстің ұлы Жақып (Қылауыз ата) ұстап, 1089-1095 жылдары таққа отырды. Географиялық орналасуы жағынан бұл мемлекет қазіргі Өзбекстан,

Тәжікстан және Қазақстанның оңтүстік аумағының бір бөлігін қамтып жатқан. Осы мемлекеттің астанасы Ұлы Жібек жолы бойындағы Сейхундарияның (*қазіргі Сырдария өзенінің*) жиегінде орын тепкен Өзгент қаласы болды.

Қылауыз ата атанған билеуші Жақып Сыр өңіріне Самарқаннан өзінің 500 нөкерімен XI ғасырда келген. Ал Жақыптың әкесі Әбу Ләйс (IX-X) Ислам дінін насихаттаушы, ғалым әрі ойшыл, ақын болған. Бүгінде сүйегі Самарқандта жатқан Әбу Ләйстің әулеті ғасырлар бойы Орталық Азиядағы діни билікте жоғары лауазымдарды иемденген. Әбу Ләйстер әулетінен білім алған әрі олардың шәкірттері саналған, ал кейіннен Шығыстың ұлы ақындары атанған Әлішер Науаи, Әбдірахман Жәми, тағы басқалар бар. Жақып (Қылауыз ата) Жаңақорған жерінде жерленген [50].

Ұлы Жібек жолы бойындағы ішкі Өзгент қаласы Қыпшақ мемлекетінің құрамында болып, Сығанақтың билігіне қараған. Моңғол шапқыншылығынан соң саяси-экономикалық маңызынан айырылып, қала қаңырап бос қалған. Ал XIII ғасырда Қыр Өзгент қаласының аумақтағы саяси-экономикалық маңызы артып, дәуірлейді және Ақ Орданың құрамына енеді.

1428 жылы Әбілқайыр хан таққа отырған соң жан-жағына шабуыл жасап жер иелігін кеңейте бастайды. 1446 жылы ол Ақ Орданың қарамағындағы Сығанақ, Созақ, Аққорған қалаларымен қоса Өзгент қаласын да басып алады. Өзгентке билеуші етіп маңғыт Уақас биді қояды. Қалада керуен сарайлар, мешіт-медреселер, басқа да мәдени ошақтар салынады.

1468 жылы Әбілқайыр хан қайтыс болғаннан кейін Сырдың ортаңғы ағысындағы қалалар үшін оның ұрпақтары мен жаңадан қалыптаса бастаған Қазақ хандығы арасында кескілескен ұрыстар кезінде Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани Қазақ хандығының негізін қалаушы Керей мен Жәнібектің балалары Бұрындық ханмен, Қасым сұлтандармен болған ұрыста, Сығанақ, Сауран секілді басты қалаларынан айырылғанымен, Өзгент, Отырар, Ясы (Түркістан) қалаларына билігін сақтап қалды. Өзгент қаласы Қасым ханның тұсында ғана Қазақ хандығының құрамына енді. Өзгент қаласы үшін талас мұнан кейін де тоқтамаған. XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың бас кезінде қала жоңғарлардың шапқыншылығына ұшырап, тарих сахнасынан біржолата жойылды.

Өзгент шаһары – зерттелу уақытын күтіп жатқан Сыр бойындағы тарихи оқиғаларға толы қалалардың бірі.

Көккесене күмбезі – сәулет ескерткішінің үздігі

Сыр бойындағы аса маңызды тарихи ескерткіштердің бірі – **Көккесене күмбезі**. Көккесене күмбезінің орны Төменарық теміржол стансасының солтүстік күншығысынан 5 шақырымдай жерде, қазіргі Қожамберді ауылы маңында орналасқан.

Түркістан археология әуесқойлары үйірмесінің мүшесі, полковник В.А. Каллаур Көккесенеді 3 рет болып зерттеген, қаланың орнын суретке түсіріп

алған. Ол алғаш 1898 жылы келіп көргенде Көккесене оншалықты қирамаған екен. Қабырғалары сегіз қырлы болып басталып, одан жоғары он алты қырлы бөлікке бөліне отырып, төбесі күмбезге ұласып кеткен. Күмбездің ішкі жағында айналдыра арабша жазылған жазулар болғандығын сипаттап жазған.

Ал В.А. Каллаурдың 1900 жылы 7 ақпанындағы «Археология әуесқойларының Түркістан үйірмесі» хаттамасының қосымшасында «1219 жылы Шыңғысхан әскері қиратқан Перовск уезіндегі ежелгі қалалар» атты мақаласы жарияланып, онда Көккесенеге де кеңінен тоқталған. Алғаш рет оның суретін беріп, «Бұл биік, күйдірген кірпіштен соғылып, көк түсті орнаментті әшекейлерімен көмкерілген ғимарат» деп жазды. Оның қалану әдісінің Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи мавзолейімен бірдей екендігіне назар аударған.

В.А. Каллаурдың үшінші рет келуі жөнінде үйірме хаттамасының 1901 жылғы 2 желтоқсандағы санының қосымшасында жазған. Осы сапарында ол Көккесене күмбезінің астында белгісіз мүрде жерленгендігін анықтаған.

1906 жылы Сығанақты зерттеуге келген И. Кастанье: «Осы арадан қарағанда Төменарық тарапынан биік Көккесене ескерткіші мұнарта көтеріліп көрінеді» деп жазады. В.А. Каллаурдан соң Көккесенеге атақты ғалым А.Ю. Якубовский келген. «Біз Сығанақтан басқа Төменарық стансасынан солтүстік-шығыс бағытына қарай 5 шақырымда жатқан Көк-Кесенеді болдық, – дейді А.Ю.Якубовский. – Бұл ғимаратта В.А. Каллаур екі рет (1899 және 1901 жылы жаз айларында) болған. Екінші рет болғанында ол осы ғимараттың фотосуретінде түсіріп алыпты. В.А. Каллаурдың айтуына қарағанда, бұл ғимарат мавзолей болған, оның ішінде сағана бар және соңғы бейіттің үстінде жалау желбіреп тұрған. Күмбездің ішіндегі арабша жазу күмбезді айнала 5-6 рет қайталады. Ғимарат 1904 жылдың өзінде-ақ қиратылған екен» [51].

Ол қирағаннан қалған кішкене бөлігін суретке түсіріп, сол арқылы және Көккесененің В. Каллаур түсірген екі суреті арқылы салыстыра отырып зерттеу жүргізеді. А.Ю. Якубовский: «Мұнда келіп біз аянышты халді көрдік. Портал арқасының оңтүстік бөлігіндегі тірегі ғана тұр. Құрылыстың көлемін қазба жұмыстарын жүргізбей анықтау мүмкін болмады. Төбенің үстінде көлемі 25x25x5 см келетін күйдірген кірпіштер үйіліп жатыр. Кірпіш бетіндегі әшекей өте жоғары сапалы, қалың шыны тәріздес қабатпен құйылған. Оның көкшіл түсі өзінің өңі жағынан Самарқанд пен Бұхара әшекейлерінен өзгеше және олардың ең жақсы дегенінен кем түспейтіндігін» жазған.

А.Ю. Якубовский көрген кездегі тірегінің көлемінің өзі 6,5 метр, биіктігі 4,5 метр шамасында болған. Төбенің көлемі айнала 110 кадам, биіктігі 3,1 метр болған. «Көз жүгірте қараудың өзінен Көккесененің әсемдігі жағынан сәулетті құрылыс екендігін айтуға болады» деп, ол сөзін толықтыра түседі. Бұл жазбалар оның «Талқандалған Сығанақ» деген еңбегінде бар.

Көккесене туралы Жошы ханның ұрпағы, Әбілхайыр ханның ұлы Сүйінішқожаның хатшысы болған Масул ибн Кухистанидің жазған «Тарих-и Абулхайр-хани», Мұхамед Хайдар Дулатидің 1544-1546 жылдары жазған

әлемге әйгілі «Тарих-и Рашиди» және 1722 жылы жазылған Ходжамкулибек Балхидің «Тарих-и Кипчаки» атты еңбектерінде айтылған.

Көккесене жөнінде этнограф-ғалым Әбубәкір Диваев, академик В.В. Бартольд, тағы басқа да зерттеушілермен бірге соңғы жылдары журналист-зерттеуші Әбілхан Әбіласанов, филолог-ғалым Тынысбек Қоңыратбаев, Бейбіт Айсыновтар зерттеді. Республикалық «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 20 қарашадағы нөмірінде Бейімбет Майлин «Мәдениет мұралары» деген көлемді мақаласында Көккесенені тарихи мәдени ескерткіштер қатарына алып, қорғау керектігін айтқан.

Әбілғазының (1603-1663 жылдары) «Шежіре-и-Таракима» («Түрікмен шежіресі») атты еңбегінде ол қаланың Баршын аталуы Оғыз еліне даңқы жайылған жеті қыздың бірі – Гүлбаршын сұлудың атымен байланысты екендігін, ал Гүлбаршын (Қармыс байдың қызы) Алпамыстың зайыбы болғандығын, оның кейін Сырдың жағасында Көккесене деген атпен белгілі екендігін жазады. Шәкәрім Құдайбердиевтің көрсетуіндегі «Бұл Өз-Темір жоғарыда айтылған ойраттың Есен-ащы деген ханының баласы» мен Әбілхайыр хан арасындағы шешуші айқас Гүлбаршын сұлу жерленген «Көк Кесене» маңында өтеді. Дәл осы арада Әбілхайырдың басынан бақ құсы ұшады. Баласын кепілдікке беріп, өз басы Сығанақтың қамалына тығылып әзер аман қалады. Бұл туралы «Тарих-и Абу-л-Хайр-хани» кітабында мынадай жолдар бар: «Әбілхайыр ханның әскерлері мен Үз-Темір тайшы басқарған ойраттардың шайқасы «Көкқашан» (*Көккесене деп оқыңыз – ред.*) түбінде 1456-1457 жылдары болды». Бұл деректі «Тауарих-и-гузида-ий-нusrat наме» де қуаттайды [56]. Әбілхайыр 1446 жылы өктемдік жасап, Қарт Қаратаудың теріскейіндегі Созақты Бақтияр сұлтанға, Сығанақты-Манедан оғланға, Үзкентті Уаққас биге басы бүтін ұсынады.

Қазақ тарихшысы М. Тынышбаев 1925 жылы Ташкентте басылып шыққан «Материалы к истории киргиз-казахского народа» деген өзінің еңбегінде атақты Алпамыс батырды Қоңыраттың Божбан руынан шыққандығын атап өтеді. Ендігі бір деректерде Гүлбаршынның әкесі Қармыс байдың Өзгент қаласында тұрғандығы айтылады. Түсінікті болу үшін Божбан руының шежірелік тізбегінде Алпамыс батыр қамтылмайтынын айтсақ да болады.

«Жанақорған» тарихи өлкетану кітабынан.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аудандық статистика бөлімінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі мәліметі бойынша.
- 2 Жеріңнің аты – еліңнің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. -Алматы, «Аруана» - 2006 ж, 554-бет.
- 3 Қазақ ССР Ауылшаруашылығы министрлігі. Ауыл шаруашылығын өркендету жүйесі жөніндегі ұсыныстар. Қызылорда облысы. -Алматы, «Қайнар» баспасы, 1978 ж

- 4 Қызылорда облысының географиясы. -Астана. «Фолиант» баспасы, - 53-б.
- 5 Қазақстан табиғаты. -Алматы, «Қазақ энциклопедиясы». 2009 ж. 46-б.
- 6 «Қазатомпром» Қызылордада әлемде теңдесі жоқ жобаны жүзеге асырады. Жұматәлі Әбдіраман. //«Сыр бойы» газеті, 22 маусым 2007 ж. 2-б.
- 7 «Қазақ Совет Энциклопедиясы». – Алматы. 1974 ж. 4-том, - 286-б.
- 8 «Қаратау қорығы»: ғылыми-танымдық көркем суретті кітап. –Алматы: ЖШС «Дала» баспасы. 2013. -176 б.
- 9 Арал тағдыры. -Алматы, «Қазақстан». 1989ж. – 50-б.
- 10 «Қазақ Совет Энциклопедиясы». –Алматы. 1973 ж. 3-том, 582-б.
- 11 Бейсенова Ә. Қазақстан табиғатын зерттеу және физикалық география идеяларының дамуы. -Алматы, «Рауан».- 1990 ж, - 183-б.
- 12 Сапарбай Парманқұлов. Сан қабат құм басқан динозавр қаңқасы. //«Лениншіл жас» газеті, 22 январь 1983 ж, - 4-б.
- 13 Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта. -М.,1948
- 14 Байпаков К.М., Подушкин А.Н. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры Южного Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 35с
- 15 Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. -Алматы, «Аруана». 2011 ж. 137-265-б.
- 16 «Қазақ Совет Энциклопедиясы». –Алматы. 1974 ж. 4-том, 286-б.
- 17 «Ана тілі» газеті, 22 қазан 1992 ж, - 6-б.
- 18 Жаңақорған аудандық «Қазақ тілі» қоғамының «Мирас» газеті. 13 ақпан 1991 ж.
- 19 «Қазақ Совет Энциклопедиясы». -Алматы – 1975 ж. 6-том, 592-б.
- 20 Брагин А. Третье рождение. Повесть. -Алма-Ата. «Жазушы» - 1984 ж. 122-б.
- 21 Нәбихан Шалапов. Тарихы терең Жаңақорған. //«Әлімсақ» журналы. № 6. 2013 ж. – 22-б
- 22 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р.П.Джалиловой. Под ред. А.К. Арендса. – М., 1976. - 196 с
- 23 Бартольд В.В. Работы по исторической географии. Соч., Т. III. - С. 229
- 24 Сериев Т.Н. Түркістан аймағындағы Сығанақ қаласының тарихы <http://anatili.kz/?p=12195>
- 25 Кәмен Мамырұлы. Қазақ тарихы. -Алматы. «Ғылым», 1995 ж, - 16-б.
- 26 Әбіласанов Ә. Сығанақ. -Алматы, «Өнер» - 1991 ж. 130-бет.
- 27 Мусабаев Ғ. Об изучении истории казахского языка. Вестн.АН Каз ССР, № 9, 1951 г, 76-бет.
- 28 Әлкей Марғұлан. Ежелгі жыр, аңыздар. -Алматы, «Жазушы» - 1985. – 197-198-б.
- 29 Бартольд В.В. Работы по исторической географии. Соч., Т. III. - С. 229
- 30 Қинаятұлы З. Сығанақ алғашқы қазақ мемлекеті – Ақ Орданың астанасы <http://do.gendocs.ru/docs/index-268001.html>
- 31 Сәйден Жолдасбаев. Орта ғасырлық Сығанақ қаласы (X-XVIII ғ.ғ.). Түркістан, «Тұран»- 2010ж. – 8-б.

- 32 Қазақстан тарихы. Жамбыл Артықбаев, Әділхан Пірманов. Ғылыми-танымдық басылым. Алматы, «Атамұра» - 2013 ж. – 277-б.
- 33 СМІЗМО, II, 129 б.
- 34 Қазақстан тарихы: Лекциялар курсы. /Қ.С. Қаражан, Ж.Ә. Әбсеметова, Ф.А.Қозыбақова, Т.Қ.Мекебаев, С.С.Саржанова, С.Смағұлов, Ш.Б.Тілеубаев; Редакциясын басқарған Қ.С. Қаражан. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 145 б.
- 35 Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). Алма-Ата: «Наука», 1969.– 347с
- 36 Жолдасбаев С. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X-XVIII). Көмекші оқу құралы. Түрлі-түсті суреттермен. – Түркістан: «Тұран», 2010. – 224 б.
- 37 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакхани. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р.П.Джалиловой. Под ред. А.К. Арендса. – М., 1976. - 196 с. 118-б
- 37 Левшин А. И. Описание киргизкайсацких или киргизкайсацких орд и степей.– Алматы: «Санат», 1996. – 656 с
- 38 Шамшәдин Керім. «Сығанақ саңлағы». –Алматы: «Нұр-Мұбарак». -2012. 61-63-бет; Шейх Әбсаттарқажы Дербісәлі. Сунақ Ата. //«Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2010 ж.
- 39 Байбота Серікбайұлы Қошым-Ноғай. Тіл ұшындағы тарих. Алматы, «Жазушы» - 2003 ж, 126-бет.
- 40 Карл Байпақов. Қазақстанның ежелгі қалалары. -Алматы, «Аруана»- 2005 ж. – 203-б.
- 41 Карл Байпақов, Арнабай Нұржанов. Ұлы Жібек жолы және орта ғасырлық Қазақстан. -Алматы, «Қазақстан» - 1992 ж. – 83-84-б.
- 42 Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. Т. II. – Алматы: «Атамұра», 1998. – 491 б
- 43 Сыр елі. Қызылорда облысы. Энциклопедия. -Алматы, «Қазақ энциклопедиясы». 2005 ж. 439-б.
- 44 Бейбіт Айсынов. Сауран – тас қамал. Қолжазба, 09.08.1984 ж. – 5-6-б
- 45 Илияс Есенберлин. Шығармалары. -Алматы, «Жазушы»- 1986 ж, 6-том, 378-б.
- 46 Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005
- 47 Тәңірберген Мәми. Кейінгі орта ғасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII-XVIII ғ.ғ.). Монография – Қызылорда. «Принт» - 2007 ж. 56-57-б.
- 48 Қазақ Совет Энциклопедиясы. –А., 1972 ж. 1-том, - 209-б.
- 49 Телқожа Жанұзақ. Жер-су атаулары. (Этимологиялық анықтамалық). - Алматы, «Өнер» - 2011 ж. 359-бет.
- 50 Бақыт Рүстемов. Көне жер тарихының сыр шертуі. –Астана, 2007 ж. 31-32-б.
- 51 Якубовский А.Ю. Талқандалған Сығанақ. Қазақ тіліне аударған Сұлтан Сартаев. - А., 2008 ж. 108-б.
- 52 Қазақ Совет Энциклопедиясы. -Алматы, 1975 ж. 6-том, - 11-б.
- 53 Жұлдыз», №11. 2003 ж. 183-бет

54 Қазақ Совет Энциклопедиясы. –Алматы, 1973 ж., 2-том, 176-бет.

55 Қоңыратбаев Т.. Ертедегі ескерткіштер. -Алматы, «Өнер», 1996 ж., 34, 137-беттер.

56 Қазақ ССР тарихы. 5 томдықтың 2-томы. –Алматы, 1983. -188-б.